

Азып-тозған, ластанған және бүлінген жерлерді қорғаудың, пайдаланудың және консервациялаудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 16 маусымдағы N 976. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.09.29. N 993 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Атауы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен .

"Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен .

1. Қоса беріліп отырған Азып-тозған, ластанған және бүлінген жерлерді қорғаудың, пайдаланудың тәртібі туралы ереже бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі Ғылым министрлігі - Ғылым академиясымен, Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп үш ай мерзімде топырақты ластайтын зиянды заттардың , зиянды микроорганизмдердің және басқа да биологиялық заттардың шекті жол берілетін қордалануының нормативтерін бекітсін.

3. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап қолдануға енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 16 маусымдағы

N 976 қаулысымен

бекітілген

**Азып-тозған, ластанған және бүлінген жерлерді қорғаудың,
пайдаланудың тәртібі туралы**

ЕРЕЖЕ

ЕСКЕРТУ. Атауы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен .

1. Осы Ережеде қолданылатын ұғымдар:
ластанған жерлер - антропогендік әрекеттердің нәтижесінде түрлі зиянды заттар мен организмдердің жерде нормативтік деңгейден артық және жерлердің экономикалық-ресурстық және санитарлық-гигиеналық бағалылығын

төмендететін, ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын, қоршаған ортаның басқа да объектілерін, халықтың тұру жағдайын нашарлататын шамаларда қордалануы;

радиоактивті ластану - жерлердің радионуклидтермен, оның ішінде пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеудің, ядролық жаратылыстардың, ядролық қондырғылардың жұмыс істеуінің, иондаушы сәулелену көздерін, радиоактивті заттарды көму және сақтау пункттерін пайдаланудың, ядролық радиациялық авариялардың, сондай-ақ радиоактивті заттармен байланысты өзге де әрекеттердің нәтижесінде ластануы;

химиялық ластану - топырақтың химиялық құрамының адамдардың өндірістік, ауыл шаруашылығы, тұрмыстық немесе өзге де әрекеттерінің салдарынан оның құнарлылығы мен сапасы төмендеуінен өзгеруі;

биологиялық ластану - жерлердің бактериологиялық, гельминтологиялық, энтомологиялық және арамшөптер өсушілік карантиндік ластануы;

шаруашылық-тұрмыстық ластану - жерлердің топырақтың физикалық не химиялық қасиеттері қолайсыз өзгертін өндірістік қалдықтармен және с а р қ ы н д ы с у л а р м е н л а с т а н у ы ;

бүлінген жерлер - шаруашылық қызметтің нәтижесінде өсімдіктерді жойылған, топырақ қабаты бұзылған, жерлердің гидрологиялық режимі мен бедері өзгерген жер учаскелері;

жерлерді консервациялау - жерлерді шаруашылық айналымнан уақытша ш ы ғ а р у ;

азып-тозған жерлер - жердің табиғи ортаның элементі ретіндегі функциясының өзгеруіне, оның сандық және сапалық жағдайының нашарлауына, табиғи-шаруашылық маңыздылығының төмендеуіне әкеп соқтыратын процестер ж и ы н т ы ғ ы .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

2. Осы Ереженің күші, белгіленген тәртіппен пайдалануы олардың бүлінуіне байланысты болатын пайдалы қазбалар кен орындарын өңдеу, геологиялық барлау, зерттеу, құрылыс және өзге де жұмыстарды орындау үшін берілген, бүлінген (бүлінетін) жер учаскелеріне қолданылмайды. Бұл жерлерді Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес арналған мақсаты бойынша пайдалану үшін жарамды жағдайға уақытында келтіру, оларды өңдеу мен қайта қалпына келтіруге орай жүргізіледі.

II. Азып-тозған, ластанған және бүлінген жерлерді анықтау және зерттеу

ЕСКЕРТУ. II-бөлімнің атауы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

3. Ластанған және бүлінген жерлерді анықтау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін жер учаскесі иесінің немесе жерді пайдаланушының өтінімі, жергілікті атқарушы немесе өзге де құзыретті органның бастамашылығы, қоғамның талап етуі негіз болып табылады.

4. Ластанған және бүлінген жерлерді анықтауды белгіленген өкілеттіктер тәртібінде олардың жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібімен жергілікті атқарушы органдар, жер ресурстарын басқару, табиғат қорғау жөніндегі органдар және басқа да уәкілетті органдар жүргізеді.

5. Егер жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды, жерлердің мониторингін енгізуді, жерге орналастыруды жүргізуді, сондай-ақ жерді пайдалануға байланысты өзге де жұмыстарды жүзеге асырудың нәтижесінде анықталған ластанған және бүлінген жерлер халықтың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретіндігі айқындалса, онда облыстық (Астана және Алматы қалаларының) атқарушы орган жерлердің ластануы деңгейін белгілеу, келтірілген залалдарды айқындау, жерлердің ластануы мен бүлінуінің зардаптарын жою мақсатында арнаулы комиссия құрады.

Комиссияның құрамына жер ресурстарын басқару жөніндегі, табиғат қорғау, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы органдарының және басқа да құзыретті органдардың мамандары кіреді.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

6. Комиссия жер ресурстарын басқару жөніндегі, табиғат қорғау органдарының және басқа да уәкілетті органдардың нормативтік-нұсқаулық құжаттары мен әдістемелік нұсқауларына сәйкес ластанған және бүлінген жерлерге кешенді зерттеу жүргізеді.

7. Жерлердің ластану деңгейін Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен, Білім және ғылым министрлігімен, Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігімен және Ауыл шаруашылығы министрлігі бірлесіп бекіткен топырақты ластайтын зиянды заттардың, зиянды микроорганизмдер мен басқа да биологиялық заттардың шекті жол берілген қордалануының нормативтеріне сәйкес белгіленеді.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

8. Арнаулы комиссияның зерттеу материалдары комиссияның барлық мүшелері қол қойған қорытындыда жинақталып, қорытылуы тиіс.

Қ о р ы т ы н д ы д а :

иелігінде немесе пайдаланылуында ластанған немесе бүлінген жер учаскесі бар тұлғаның деректері;

жерлердің ластануын тудыратын объектілер; егер ол анықталса, жерлерді ластаушы немесе бүлдіруші тұлғаның деректері;

ластанған және бүлінген жерлердің түрі мен алаңы;
жер ресурстарына келтірілген залалдың бағасы;
ластанған жерлерді қалпына келтіру жөніндегі, сондай-ақ пайдалануға мақсатты арналуын өзгерту немесе пайдаланудың арнаулы режимін белгілеу, консервациялауды жүзеге асыру, не шаруашылық айналымынан шығару ұсынылатын жер учаскелерін көрсете отырып ластанған жерлерді одан әрі шаруашылыққа пайдалану жөнінде ұсынылатын шаралар көрсетіледі.

9. Жерлерді кешенді зерттеу материалдары мен арнаулы комиссия қорытындысының негізінде жер ресурстарын басқару жөніндегі облыстық (Астана және Алматы қалаларының) атқарушы орган табиғат қорғау, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы органдарымен және басқа да уәкілетті органдармен келісілген шешімнің жобасын дайындайды және оны облыстық атқарушы органның бекітуіне енгізеді.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

10. Қорғаныс қажеті үшін берілген, сондай-ақ ядролық сынақ өткізілген жер учаскелерін зерттеу материалдары облыстық (Астана және Алматы қалаларының) атқарушы органның шешімімен бірге осы Ереженің 18-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына жолданады.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

11. Облыстық (Астана және Алматы қалаларының) аумақтық орган ластанған жерлерді одан әрі пайдаланудың түрлерін бекіткеннен кейін, жер ресурстарын басқару жөніндегі атқарушы орган ластанған және бүлінген жерлерді зерттеудің материалдарын пайдалана отырып, осы Ереженің III және IV тарауларында айқындалған тәртіппен, мұндай жерлерді жер учаскелері иелерінен және жерді пайдаланушылардан алу жөніндегі жерге орналастыру жобасын дайындайды.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

III. Ластанған және бүлінген жерлерді алу, қорғау және шаруашылықтық пайдалану

12. "Жер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, радиоактивті ластануға ұшыраған және заңдарда белгіленген санитарлық талаптар мен нормативтерге сәйкес өнімдер алу қамтамасыз етілмейтін жер учаскелері ауыл шаруашылығы айналымынан шығарылуға және консервациялауға жатады. Бұл жерлерде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге және оны сатуға тыйым салынады.

Көрсетілген жерлерді жер учаскелерінің иелері мен мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан алу - уәкілетті мемлекеттік органның талап қоюы бойынша

сот тәртібімен, ал мемлекеттік жер пайдаланушылардан - қолданылып жүрген заңдарға сәйкес құзыретті органның шешімінің негізінде жүргізіледі.

Жер учаскелерінің иелері мен жерді пайдаланушылар ластанған және бүлінген жер учаскелерінен ерікті түрде бас тартқан жағдайларда, бұл мәселе бойынша шешімді облыстық атқарушы орган қабылдайды.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

13. Халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп келтірмейтін шектерде бүлінуге немесе ластануға ұшыраған жер учаскелерінің пайдалану нысанын өзгерту жер учаскелерінің мүдделі меншік иелері мен жер пайдаланушылардың өтініші бойынша Үкімет белгілеген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен

14. Азып-тозған ауыл шаруашылығы алқаптарының химиялық, биологиялық, радиоактивті және басқа да зиянды заттармен ластанған жерлерінің шекті жол берілетін шоғырлану және шекті жол берілетін радиациялық әсер деңгейі нормативтерінен тыс ластанған, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен, сарқынды сулармен ластанған жерді, сондай-ақ карантиндік зиянкестермен және өсімдік ауруларымен зақымданған жерлердің топырақ құнарлылығын қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайларда жерлерді консервациялау жүргізіледі.

Жерлерді консервациялау туралы шешімді облыстық атқарушы орган қабылдайды.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

15. Консервациялауға жататын жер учаскелері азаматтық заңдардың ережелері бойынша оларды консервациялау кезеңінде жер учаскелері иелерінен немесе жерді пайдаланушылардан алынады және облыстың запастағы жерлерінің құрамына ағыстырылады.

16. Консервация жағдайындағы жер учаскелерінің шекаралары арнаулы белгілермен белгіленеді. Облыстық атқарушы орган бұл жерлер бойынша шаруашылық қызметіне жол бермеу мақсатында оларды қорғауды қамтамасыз ететін режим белгілейді.

IV. Ядролық қаруға сынақ жүргізілген жер учаскелерін алудың, күзетудің және берудің ерекшеліктері

17. Ядролық қаруға сынақ жүргізілген жер учаскелері ретінде бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағы, сондай-ақ ядролық қаруға сынақ жүргізілген басқа да жер учаскелері ұғылады.

18. Ядролық қаруға сынақ жүргізілген жерлерді запастағы жерлердің құрамына ауыстыру туралы материалдарды облыстық уәкілетті органдардың өтінімі бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Ұлттық ядролық орталығымен бірлесіп жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық атқарушы орган дайындайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша көрсетілген жер учаскелері запас жерлерінің құрамына ауыстырылады және олардың қарауына ж а т а д ы .

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

19. Көрсетілген аумақтарда ядролық қаруды сынаудың зардаптарын жою жөніндегі шаралар қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жер ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану жөніндегі республикалық және облыстық бағдарламаларда және басқа да арнаулы бағдарламаларда көзделеді.

19-1. Нормативтен тыс радиоактивті ластануға ұшыраған немесе халықтың өмірі мен денсаулығына өзге түрде қатер төндіретін жер учаскелерін меншікке, тұрақты немесе уақытша пайдалануға беруге болмайды.

ЕСКЕРТУ. 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен .

20. Ядролық қаруға сынақ жүргізілген жер учаскелері ядролық қаруды сынаудың зардаптарын жою және аумақты кешенді экологиялық зерттеу жөніндегі барлық шаралар аяқталғаннан кейін ғана жер пайдалануға ұсынылуы немесе меншікке берілуі мүмкін.

Кешенді экологиялық зерттеу жүргізудің құрамы мен әдістемесін, сондай-ақ жұмыстарды атқарушыны Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергиясы жөніндегі комитетімен келісім бойынша Ұлттық ядролық орталығы а й қ ы н д а й д ы .

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен .

21. Кешенді экологиялық зерттеудің материалдары, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде, Қазақстан Республикасының Үкіметі ядролық қаруға сынақ жүргізілген жер учаскелеріне жерді пайдалану құқығын және меншік құқығын беру туралы шешім қабылдауына негіз болып т а б ы л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК